

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасы»

Бекітемін
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасының

мендерушісі

Э.Бегалиева



Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Білім күні»



Музыка жетекшісі: Акжолова.Ұ

2023-2024 оқу жылы

Безендірілген залға музықа ырғағымен балалар кіріп келеді.

Жүргізуші : Құрметті қонақтар, қымбатты бұлдіршіндер мен сәбилер!

1- қыркүйек - Білім күні құтты болсын ! 1-қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқада білім беру мекемелерде сабактар басталады. Бұл күн сендер үшін және біздер үшін үлкен мереке болып саналады. мерекелеріңіз құтты болсын!

Көк байрағым көк жүзіндей қалқыған,

Ән ұраным әуелеген шалқыған

Бес құрлыққа елдің басын паш еткен

Елбасы да еткен ұстаз алдынан

Жан шуағы, күн шуағы арай ма,

Ұстаз деген әулиедей талайға

Басын иіп өткен жоқпа біз тұгіл

Әл-Фараби, Омар-Хайям, Абай да.-

Демекші барлығымыз ұстаз тәрбиесін көргенбіз. Ұстаздарға басымызды иеміз.

Осы ертенгілігімізді ашып беру үшін бөбекжай менгерушісі Бегалиева Эльвира апайға сөз береміз.

Ән ұран орындалады.

Жүргізуші: Шәйдай ашық бейбіт күннің аспаны

Ауламыздың келісіп тұр бар сәні

1- қыркүйек – салтанатты мерекемен

Құттықтайды бұлдіршіндер баршаны!

Бұлдіршіндердің тақпактарына кезек береміз.

Самина : Балабақша анамыз

Оқып білім аламыз

Өнерпаз болып өсетін

Біз балдырған баламыз.

Хадиша: Жазғы демалыс бітіпті

Бірінші қыркүйек жетіпті

Сабақ қызық болған соң

Барлық бала жетіпті.

Нұриман: Біздің топ әдепті,
Бәріне көмек береді
Біздің топ әрқашан
Жетістікке жетеді.

Камран: Кітап оку бұлағым ,
Оқытатын ұстазым
Кітапта бар даналық
Оқып біліп алайық.

Исламбек : Біз әдепті баламыз
Айтқан тілді аламыз
Үлкендерге жол беріп
Біз ақылды боламыз.

Жүргізуші : жарайсындар! Өнерлерің өрге жүзсін. Балаларымыздың орындауында «Топ-топ балақан» әні.

Ән: «Топ-топ балақан»

Залға Жалқаубек келеді:

Жалқаубек : Балалар, бұл жерде не болып жатыр?

Балалар: Бүгін білім күні мерекесіне арналған мереке болып жатыр.

Жалқаубек : ой мен оқымаймын.

Жүргізуші: Жалқаубек оқып білім алмасаң болашағың жарқын болмайды.

Залға мұғалім келеді

Мұғалім : Саламатсындарма балалар, саламатсыздарма апайлар, ата-аналар?

Жүргізуші : Саламатсызба қош келдіңіз.

Мұғалім : Ой мен сені ізден жүр едім, мұнда не істеп жүрсің?

Жалқаубек: Мен мектепке бармаймын, менің оқығым келмейді.

Мұғалім: менің оқығым келмейді деген болмайды, барлығымыз оқуымыз керек, білім алуымыз керек. Балалар мен сендерді тексеріп көрейін.

Ойын: «Мектеп жабдықтары»

Жүргізуші : Сен біздің балаларымыздың тақпақтарын тыңда.

Саера: Сары ақпаз қарамыз

Бәрімізде баламыз
Бір қалада тұрамыз
Бір бақшаға барамыз.

Мансия: Бүгін міне білім күні

Бар күндерден бөлек күн
Айтатын бұрынғыны
Санасында бөбектің.

Аяла : Біздің топ әрқашанда

Алғашқы боп жүреді
Тәрбиешілер барлығы
Бізді мақтан етеді

Жалқаубек : Рақмет

Мұғалім: балалар барлығымыз білім алуға құштар болуымыз қажет. Білім алуымыз арқылы біз армандарымызға, мақсаттарымызға жетеміз. Білімді, ақылды бала болып өсе беріндер. Сау болындар балалар.

Жүргізуші : Рақмет сізге, сау болыңыз.

Би: «Күпия кітап» .

Салиха: Балабақша есігін

Үшке толы ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіруде бақшамыз .

Сырым: Риза етіп баршаны

Әсем әнге саламыз
Таудан биік талабы

Бұлдау: 201-



Білім күні

